КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 4- қараша №1912-24-00-2/1758-іс Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.М.Утепбергенова,
сот отырысының хатшысы Б.У.Пулатбаева отырып,
сот ғимаратында «Whatsapp» мобильдік қосымшасы арқылы сот отырысында қойылған талап қою бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Балқаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Теплоэнергострой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНЫНА ДЕРБЕС ТАЛАБЫ ЖОҚ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР:
«Қабылан эксперт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«НЭО-КОКСУ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ "FREEDOM FINANCE INSURANCE» акционерлік қоғамы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2) шартты бұзу
3) аванстыөндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор- Н.Уразбаев
Талап қоюшы өкілі –А.Камзаев
Жауапкер өкілі- З.Кодинцева
Үшінші тұлғалар өкілдері- С.Нұрлыбай, Н.Асанбаев, Г.Темержанова

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Конкурс тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде тараптар арасында «Алматы облысы Балқаш ауданы Бақанас ауылындағы Солтүстік-Батыс көшелерінің құрылысы» туралы 2023 жылдың 18 сәуірінде №24 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасақталған.

Шарттың жалпы сомасы 625 953 947,25 теңге.

Шартқа сәйкес 2023 жылға 73 000 000 теңге,2024 жылға 552 953 947,25 теңге болып бектікен.

Шарттың орындалу мерзімі Алматы облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс басқармасынның 20.06.2023 жылы №KZ323REA00337950 санды құрылыс жұмыстарын бастау жөнінде хабарлама алынған күннен бастап құрылыс жұмыстарын 9 ай, яғни 2024 жылдың 20 наурызы деп белгіленген.

2023 жылдың 18 шілдесінде №24-1 қосымша келсім шарт жасалып, 2023 жылға 113 000 000 теңге, 2024 жылға 512 953 947,25 теңге болып бекіткен.

2023 жылға істелген жұмыстарына сәйкес 113 000 000 теңге төлемі аударылған.

2024 жылдың 29 наурызында №24-2 қосымша келісім жасалып, 2024 жылға 396 900 000 теңге болып бекіткен.

Алматы облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының 2024 жылғы 18 наурызындағы хабарламамен құрылыс жұмыстарының аяқталуын 2024 жылдың 31 тамызына дейін создырған.

2024 жылға 119 070 000 теңге аванстық төлем аударылған.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін уақытылы орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, шартты бұзуды және төленген аванс мөлшерін өндіруді сұраған.

Жауапкер қарсы пікірінде талаппен келіспей, 2023 жылы бөлінген қаражатқа жұмыс атқарғанын, құрылыс материалдардың құны қымбаттағандықтан сметалық жобаға өзгеріс енгізу хаттарымен жүгінгенін, бұл туралы жиналыс болып өзгеріс керектігі шешілгені, сұрақ тиісті шешілмей әлі күнге дейін жауап алмағанын негіздеп, құрылыс жұмыстарын өздіктерімен тоқтатқанын көрсетті.

Талап қоюшының өкілі талапты қуаттап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі талапты мойындамай қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Техникалық және авторлық қадағалау өкілдері жауапкер 2024 жылы жұмыс атқармағанын, өздіктерінен жұмысты тоқтатқанын заңға қайшы келетінін уәждеп, істің шешілуін соттың қарауына ұсынды.

Документ подписан: Утепбергенова С. М., 13.11.2024

Дата вступления в законную силу: 05.12.2024, судья Байбутаев Е. Д., 08.12.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сақтандыру компаниясының өкілі берілген аванстық шартқа сай қамтамасыз еткендігін, талап қоюшы жауапкердің міндеттемелерін тиісті орындамауына байланысты тиісті тәртіпте жүгінбегендігін көрсетті.

Прокурор талап қанағаттандыруға жатады деп қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

АПК-нің 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, тараптар арасында жасақталған мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша жауапкер шарттық міндетін ішінара орындаған

Жауапкердің шарттық міндеттемелерін тиісті түрде орындамау себептерінің дәлелдемелері ретінде келтірілген уәждерін сот төмендегі заң нормаларына қайшы деп санайды.

Атап айтқанда, Заңның 45 бабына сай өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның және басқа да шарттардың өзгермеуі талабымен мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартқа өзгеріс енгізуге: 2) егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізілсе және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен осындай өзгеріс сомасына қосымша ақша бөлу туралы шешім қабылданса, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың сомасын ұлғайту бөлігінде жол беріледі.

Сотта анықталғандай сметалық жобаға өзгеріс енгізу қажеттігі жөнінде мәселе қозғалғандығын растайтын, уәкілетті органдармен тиісті шешім қабылданғандығы және соның салдарынан шарттың сомасын ұлғайту туралы өзгеріс енгізгенін дәлелдемелердің болмауы орын алды.

Документ подписан: Утепбергенова С. М., 13.11.2024

Дата вступления в законную силу: 05.12.2024, судья Байбутаев Е. Д., 08.12.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің (бұдан әрі-АК) 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

№2 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі-АПК) 279-бабының 1) тармақшасында сот егер талап қоюшы осы санаттағы істер үшін заңда белгіленген немесе шартта көзделген дауды сотқа дейін реттеу тәртібін сақтамаса және осы тәртіпті қолданудың мүмкіндігі жойылмаса арызды қараусыз қалдыратындығы көрсетілген.

АК-нің 401-402 бабтарына сай егер осы Кодексте, басқа да заң құжаттары мен шартта өзгеше көзделмесе, шарт тараптардың келісуімен өзгертілуі және бұзылуы мүмкін.

Тараптардың біреуінің талабы бойынша шарт:

1) екінші тарап шартты едәуір бұзған кезде;

2) осы Кодексте, басқа да заң құжаттарында немесе шартта көзделген өзге реттерде тек сот шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін.

Тараптардың біреуі шартты бұзып, ол екінші тарап шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатындай шығынға әкеп соқса бұл шарттың едәуір дәрежеде бұзылуы деп танылады.

Шартты орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда (шарттан тиісінше ішінара немесе толығымен бас тарту (осы Кодекстің 404-бабы) шарт өзгертілді немесе бұзылды деп есептеледі.

Шартты өзгерту және бұзу тәртібі туралы келісім, егер заңдардан, шарттан немесе іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардан өзгеше туындамаса, шарт жасалатын сияқты нысанда жасалады.

Шартты өзгертуге немесе бұзуға ұсыныстан екінші тараптың бас тартуы алынғаннан кейін, не ұсыныста көрсетілген немесе заңдарда не шартта белгіленген мерзімде, ал ондай мерзім болмаған кезде отыз күн мерзімде жауап алынбағаннан кейін ғана тарап шартты өзгерту немесе бұзу туралы талапты сотқа мәлімдей алады.

Сотта анықталғандай, шартты біржақты бұзу туралы сотқа дейінгі тәртіпті сақтағандығын растайтын дәлелдемелер, талап қоюшы тарабынан ұсынылмады.

Документ подписан: Утепбергенова С. М., 13.11.2024

Дата вступления в законную силу: 05.12.2024, судья Байбутаев Е. Д., 08.12.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Заңнама тәртібі сақталмағанын ескеріп сот талаптың бұл бөлігін 2024 жылғы 4 қарашадағы ұйғарыммен қараусыз қалдыруға жатады деп санады.

№3 талап бойынша

Заңның 43-бабы 11-тармағы екінші бөлігінің 3) тармақшасына сай уәкілетті орган қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бекітетін, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету және аванстық қамтамасыз ету мақсаттары үшін үлгілік сақтандыру шартына сәйкес жасалатын өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын таңдауға құқылы.

Сотта анықталғандай жауапкер мен сақтандыру компаниясы арасында 2024 жылы 29 наурызында № 24-ALA-313-002809 өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру үлгілік сақтандыру шарты жджасақталған (бұдан әрі-сақтандыру шарты).

Сақтандыру шартының 5 тарауына сай өнім берушіге Пайда алушының мүліктік мүдделеріне келтірілген зиянды өтеу бойынша Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісіболып табылады.

Сақтандыру жағдайының басталуын растайтын құжат, растаушы құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, Пайда алушы Сақтандырушының атына жіберген жазбаша хабарлама болып табылады:

1) тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) мемлекеттік сатып алу туралы шарттың көшірмелері;

2) Сақтанушыға тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындамау немесе тиісінше орындамау туралы жіберілген хабарламалар, талаптар, наразылықтар, ескертулер;

3) егер олар бар болса және Сақтанушы мен Пайда алушы қол қойған жағдайда қабылдап алу-беру, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актілерінің көшірмелері;

4) бар болса қабылданған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін есеп айырысулар бойынша салыстыру актісінің көшірмесі;

4) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және келтірілген залал сомасын тіркеген және растайтын құжаттар.

АПК-нің 279-бабының 1) тармақшасында сот егер талап қоюшы осы санаттағы істер үшін заңда белгіленген немесе шартта көзделген дауды сотқа дейін реттеу тәртібін сақтамаса және осы тәртіпті қолданудың мүмкіндігі жойылмаса арызды қараусыз қалдыратындығы көрсетілген.

Сотта анықталғандай талап қоюшы заңнамада көрсетілген тәртіпте тиісті құжаттармен сақтандырушыға жолықпағаны орын алды, осы тәртіпті қолданудың мүмкіндігі қолданылмағандық сот 2024 жылғы 4

Документ подписан: Утепбергенова С. М., 13.11.2024

Дата вступления в законную силу: 05.12.2024, судья Байбутаев Е. Д., 08.12.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

қарашадағы ұйғарыммен талаптын аванстық өндіру туралы бөлігін қараусыз қалдырды.

АПК-нің 109,117-бабтарына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226,229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Балқаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Теплоэнергострой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы- қанағаттандырылсын.

«Теплоэнергострой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Теплоэнергострой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджет пайдасына 1846 (ір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С.М.Утепбергенова**

Документ подписан: Утепбергенова С. М., 13.11.2024

Дата вступления в законную силу: 05.12.2024, судья Байбутаев Е. Д., 08.12.2024